

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 849 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1208 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 849 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 23, 291-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мектептен тыс ұйымдардың қызметі туралы е р е ж е с і н д е :

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Мектептен тыс ұйымның әрбір түрі қызметінің тәртібін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ұйым өз бетінше Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен мектептен тыс ұйымның әрбір түрі қызметінің тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің негізінде өз қызметінің білім беру бағдарламасын әзірлейді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі